



Автор: ОМАРОВ БАГДАТ АМАНТАЕВИЧ

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 9-класс

Бөлім: Компьютерді таңдау

Тақырып: Бағдарламалық қамтамасыз етуді таңдау

Оқу мақсаттары	9.1.2.1 - қолданушының қажеттілігіне байланысты программалық қамтамасыз етуді таңдау.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар үшін: Программа, программалық қамсыздандыру ұғымымен танысу. Көптеген оқушылар үшін: Программалық жабдықтардың түрлерін анықтау. Кейбір оқушылар үшін: Компьютерді қолдануда программалық қамтамасыз етудің қажеттілігін тұжырымдау.
Тілдік мақсат	Пәндік лексика және терминология: Программалық жабдықтама түрлерін біледі. - software - программалық жабдықтама a - system software - жүйелік жабдықтама - applied software-қолданбалы программалық жабдықтама -programming systems - программалау жүйелері - base software - базалық жабдықтама - service software - сервистік программалық жабдықтама - utilities - утилиталар - program - программа - programming - программалау - programmer - программалаушы
Бағалау критерийлері	- Программалық қамтамасыз етудің түрлерін біледі, программалық ОЖ қызметін, жіктелу жолын түсіндіре алады. - Программалық жабдықтамалардың түрлерін ажырата алады. - Кез - келген компьютердің программалық қамтамасыз етудің жалпы сипаттамасы мен жіктелуін түйіндейді.
Құндылықтарды анықтау	Программалық қамсыздандыру тақырыбын түсіндіре отырып оқушыларды ойлау, есте сақтау және алған білімдерін өмірде қолдануға үйрету . Мәңгілік ел идеясын дамытуға тәрбиелеу
Пәнаралық байланыс	Ағылшын, орыс тілінде сөздер қолданылады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Басталуы (3 мин)	Ой сергіту Сәлемдесу, оқушылардың сабаққа қатысушыларды тексеру. Ынтымақтастық атмосферасын құру. Оқушылар «Жылы жүрек - жақсы тілек» арқылы бір-біріне жақсы тілектер айтады.	bilimland.kz
Үй тапсырмасын пысықтау (7 мин)	Оқушылар «Компьютердің конфигурациясы» тақырыбы бойынша жасаған жобаларын түсіндіреді, топта талдайды. Оқушылардың іс-әрекеттерін ауызша мадақтау, қолдау көрсету.	bilimland.kz
Негізгі бөлім (2 мин)	Миға шабуыл сұрақтарымен жұмыс жасау □ Компьютерінде қандай программалар орнатылғанын білесің бе? Қалай білуге болады? □ Қандай операциялық жүйелермен және олардың нұсқаларымен таныссың? □ Компьютермен жұмыс жасауда оған орнатылған программалық жабдықтамалардың сипаттамаларын білу қаншалықты маңызды деп ойлайсың?	bilimland.kz
Оқулықпен жұмыс (5 мин)	Оқулықпен жұмыс -Жеке оқып, топта талқылайды. Мұғалімнің түсіндірмесі. (Бейнежазба, слайд материалдарын қолдану.)	bilimland.kz
Кестемен жұмыс: (5 мин)	Ақпараттық программалық жабдықтамалар Жүйелік программалық жабдықтамалар Қолданбалы программалық жабдықтамалар	bilimland.kz

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Топтық жұмыс (5 мин)	Топтық жұмыс Сыныптастарыңмен компьютер бөлмесінде орналасқан компьютерлердің техникалық сипаттамасын DXDIAG командасы көмегімен тексеріңдер. Орнатылған программалық жабдықтамаларын талдаңдар. Дескриптор Компьютердің программалық жабдықтамаларын анықтайды.	bilimland.kz
Жұптық жұмыс: (5 мин)	Жұптық жұмыс: Компьютер бөлмесінде орналасқан компьютерлердің техникалық сипаттамасын талдау нәтижесі бойынша қандай қолданбалы программалық жабдықтамаларды орнатуға ұсыныс жасайсыңдар? Тізімін ұсыныңдар. Дескриптор Программалық жабдықтамалардың маңыздылығын түсіндіреді. Оқушылардың жұмыстары бағалау парағына балл қою арқылы бағаланады	bilimland.kz
Аяқталуы (5 мин)	1. Программалық жабдықтамалар дегеніміз не? 2. Программалық жабдықтамалардың қандай түрлері бар? 3. Қолданбалы программа дегеніміз не? 4.Қолданбалы программалық жабдықтамалардың қандай танымал түрлерін білесіңдер? 5. Компьютердің техникалық сипаттамаларын білудің қандай жолдары бар? 6. Программалық жабдықтамалар қолданылуына қарай қалай бөлінеді?	bilimland.kz